



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2018 жылғы 27 ақпан № 34
Атырау қаласы

№ _____
город Атырау

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексінің 45-47-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 27, 37-баптарына және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 130-бабына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Кәсіпорын Жарғысы бекітілсін.

3. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Кәсіпорынның табыстау актісі бекітілсін.

4. Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 4 қазандағы №360 «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық

орталығы» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы» қаулысымен бекітілген Кәсіпорын Жарғысының күші жойылды деп танылсын.

5. «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамала белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын барлық шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.С.Сайлауоваға жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі



Н.Ноғаев

1. Заңды ережелер

1. «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған және тапшылығы синдромы (ЖНТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі «орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны туралы» (Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық құқықтық нысанындағы өзгеріс болған табылды.

2. Кәсіпорынның құрылуының болжам Атырау облысының әкімдігі бұйрығы - Құрылтайшы бұйрығымен.

3. Қоспаның құрылуының болжамы субъектінің құқықтық мемлекеттік нысанындағы мемлекеттік кәсіпорынның жүзеге асырады.

4. Кәсіпорынның құрылуының болжамы жүзеге асыратын оған бұйрық «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мемлекеттік басқару қоры) болып табылады.

5. Кәсіпорынның құрылуы Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған және тапшылығы синдромы (ЖНТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі «орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын.

6. Кәсіпорынның орналасқан жері: индекс 060009, Қызылтай Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Адмирал Лев Вязаниннің көшесі 22Б жерінде.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

Handwritten mark/signature in the bottom left corner.

Handwritten mark/signature in the bottom center.

Handwritten mark/signature in the bottom right corner.



Атырау облысы әкімдігінің
2018 жылғы «27» сәуірі
№ 34 қаулысына
1-қосымша



Атырау облысы әкімдігінің
2018 жылғы « » _____
№ _____ қаулысымен
бекітілген

**«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған
иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу
жөніндегі облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының
Жарғысы**

1. Жалпы ережелер

1. «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған
иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі
облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы
заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы болып Атырау облысының әкімдігі
(бұдан әрі - Құрылтайшы) табылады.

3. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік
коммуналдық меншік құқығын Құрылтайшы жүзеге асырады.

4. Кәсіпорынды мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын орган болып
«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан
әрі-Мемлекеттік басқару органы) табылады.

5. Кәсіпорынның толық атауы: Атырау облысы Денсаулық сақтау
басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы
күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

6. Кәсіпорынның орналасқан жері: индекс 060009, Қазақстан
Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Адмирал Лев Владимирский
көшесі, 22 Б құрылыс.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

7. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, сондай-ақ мөрі болады.

8. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге тіркеуге қатысты азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзге көзделмесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған болып есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

9. Кәсіпорын қызметінің мәні мемлекеттік лицензия мен оның қосымшаларына сәйкес ЖИТС және АИТВ жұқпасының алдын алуды, диагностикалауды және емдеуді ұйымдастыру болып табылады.

10. Кәсіпорын қызметінің мақсаты АИТВ жұқпасының таралу деңгейін төмендету және ескертуге бағытталған кешенді іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

11. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

1) Мемлекеттік басқару органына, сондай-ақ, ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес республикалық орталығына АИТВ (ЖИТС) негізгі стратегиялық даму бағыттары бойынша, нормативтік құқықтық актілердің, әдістемелік ұсынымдардың, хаттамалардың (стандарттардың), тіркеу-есеп беру нысандарының жобасын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізеді;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес есепке алуды және есептілікті қамтамасыз етеді;


3) өңірде АИТВ инфекциясының профилактикасы, диагностикасы және емдеу бойынша іс-шараларды үйлестіруді жүзеге асырады;

4) АИТВ инфекциясының профилактикасы және ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды жүзеге асырады;



5) АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының үйлестіру кеңестеріне, алқаларға, ведомствоаралық, сектораралық кеңестерге ұсыныстар енгізеді;

6) жергілікті атқарушы органдармен, Мемлекеттік басқару органымен, әртүрлі ведомстволармен және қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп АИТВ инфекциясы бойынша профилактикалық бағдарламаларды әзірлеуге қатысады;

7) 2016 жылғы 15 қаңтардағы №176 Жарлықпен бекітілген іс-шараларды және АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша аумақтарды дамыту бағдарламасын, халықтың әртүрлі топтарына арналған нысаналы профилактикалық және танымдық бағдарламаларды іске асырады;



- 8) АИТВ инфекциясының профилактикасы мәселелері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарына, қоғамдық бірлестіктерге және әртүрлі ведомстволарға әдістемелік көмек көрсетеді;
- 9) халықтың осал топтарына қызметтердің кешенді пакетін ұсынады, сондай-ақ, профилактикалық бағдарламалардың тиімділігіне мониторингті және бағалауды жүргізеді;
- 10) АИТВ инфекциясымен сырқаттанушылық пен таралушылығына эпидемиологиялық мониторингті ұйымдастыру мен жүргізуді, өңірлерден эпидемиологиялық жағдайға талдауды жүзеге асырады;
- 11) халықтың осал топтарының арасында АИТВ инфекциясына ТЭБ ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;
- 12) медицина қызметкерлерін АИТВ инфекциясының мәселелері бойынша оқытуды жүргізеді, медициналық ұйымдарда персонал мен науқастарға АИТВ инфекциясын жұқтырудың профилактикасы бойынша консультациялық көмек көрсетеді;
- 13) медициналық ұйымдарда эпидемиологиялық және клиникалық көрсетілімдері бойынша АИТВ-ға тексерілу үшін тиісті контингентті іріктеудің толықтығы мен сапасына талдауды жүзеге асырады;
- 14) АИТВ инфекциясының берілу жолдары мен профилактикасы шаралары туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа хабарлауды, халықтың әртүрлі топтары үшін ақпараттық материалдарды әзірлеуді және таратуды жүзеге асырады;
- 15) сапа менеджменті жүйесінің іс-шараларын, сарысудың оң үлгілерін мұрағаттауды жүзеге асырады;
- 16) АИТВ мен АИТВ-ға ұқсас ауруларға диагностиканы, емнің тиімділігіне зертханалық мониторингті, басқа да зертханалық зерттеулерді жүргізеді;
- 17) осал топтардағы АИТВ инфекциясына ТЭБ серологиялық кезеңін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;
- 18) АИТВ жұқтырғандарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмекті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- 19) тестілеуге дейінгі және кейінгі консультациялық қызметті ұсынуды қамтамасыз етеді;
- 20) көрсетілімдер болған кезде халықтың байланыстан кейінгі антиретровирустық профилактикаға қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
- 21) АИТВ инфекциясының анадан балаға берілу қауіпін төмендету бойынша профилактикалық іс-шараларды жүзеге асырады;
- 22) қолданыстағы диагностика мен емдеу хаттамаларына сәйкес АИТВ инфекциясымен ауыратын науқастарға динамикалық бақылауды ұйымдастырады;
- 23) антиретровирустық емнің бейінділігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізеді;



24) АИТВ-ға ұқсас аурулардың химиопрофилактикасы мен емін қамтамасыз етуде алғашқы медициналық-санитариялық көмектің медициналық ұйымдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

25) АИТВ жұқтырғандарға паллиативтік көмекті, психологиялық қолдауды ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

26) медициналық қызметтердің сапасына ішкі бақылауды жүргізеді және пациенттерді қолдау қызметінің жұмысын қамтамасыз етеді;

27) электрондық базаның жұмысын (АИТВ инфекциясының жағдайларына электрондық бақылау, осал топтарда АИТВ инфекциясының таралушылығына эпидемиологиялық бақылау, АИТВ инфекциясы бойынша іс-шаралардың мониторингі мен бағалау, профилактикалық бағдарламалардың клиенттерін есепке алу) қамтамасыз етеді, сондай-ақ, деректердің толықтығы мен сапасына бағалау жүргізеді.

12. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

13. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі Мемлекеттік басқару органының немесе Құрылтайшының не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

14. Кәсіпорын басшысының Кәсіпорынның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

15. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорын Жарғысын бекітеді, Мемлекеттік басқару органының ұсынуы бойынша оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, соның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

4) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітіп береді;

5) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

16. Кәсіпорынды Мемлекеттік басқару органы келесідей өкілеттіктерге ие:

Волков *Алиев*

1) Қызметтің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемін айқындайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы бойынша есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуы мен пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорынның таза табысының белгіленген бөлігінің бюджетке толық және уақытылы аударылуын бақылауды жүзеге асырады;

6) Құрылтайшының тиісті шешімі шыққаннан кейін Кәсіпорынды тарату және қайта ұйымдастыру процестерін жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

17. Кәсіпорын органы болып оның басшысы табылады.

18. Басшыны тағайындау, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңында көзделген жағдайларда басшының кандидатурасын келісу, оны аттестаттауды жүргізу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

19. Мемлекеттік басқару органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігін уақытылы аудармағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

20. Кәсіпорынның басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

21. Кәсіпорын басшысы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады,

көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Мемлекеттік басқару органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) мыналарға:

қаржы-шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін; таза табыстың белгіленген бөлігін уақытылы бюджетке аудармағаны үшін жеке жауаптылықта болады.

11) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынның мүлкі

22. Кәсіпорынның мүлкін құны Кәсіпорынның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

23. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінбейді.

24. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Кәсіпорынның қарауында оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі ғана болуы мүмкін.

26. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғымен өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқық табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген шарттар мен тәртіпте жүзеге асырылады.

27. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудан алынған жемістер, өнім мен табыстар, сондай-ақ шарттар немесе өзге де негіздер бойынша Кәсіпорын сатып алған мүлік меншік құқығына ие болу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

28. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Құрылтайшының шешімімен өзгеше белгіленбесе, меншік иесі оны Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылдаған мүлікке қатысты

шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорында мүлік оның теңгеріміне бекітіп берілген сәтте пайда болады.

29. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу - сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

30. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 144,154, 162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

31. Кәсіпорын Мемлекеттік басқару органының ұсынуы бойынша Құрылтайшының жазбаша келісімімен:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) акционерлік қоғамдардың өзіне тиесілі акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгер болуға немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

32. Кәсіпорын негізгі құралдарға жатпайтын, оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітіліп берілген жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

33. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе Құрылтайшымен өзгеше белгіленбесе, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын осы Жарғының 31 және 32-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны дербес пайдаланады.

6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

34. Кәсіпорынның қызметі меншікті табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

35. Кәсіпорын таза табыстың бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

36. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

37. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ, бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есепке алу қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

38. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 608 091 300 (алты жүз сегіз миллион тоқсан бір мың үш жүз) теңгені құрайды.

8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

39. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне бухгалтерлік теңгерім, табыстар мен шығындар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба кіреді.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

41. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

10. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

42. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшері жыл сайын Мемлекеттік басқару органымен белгіленеді.


43. Еңбекке ақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін Кәсіпорын белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде дербес айқындайды.

44. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) есепшісінің лауазымдық айлықақыларының мөлшері, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесі Мемлекеттік басқару органымен белгіленеді.

11. Еңбек ұжымымен қарым-қатынас

45. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

46. Кәсіпорынның Құрылтайшымен, Мемлекеттік басқару органымен өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес айқындалады.



47. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі ережесімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

48. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

49. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Құрылтайшының шешімі негізінде Мемлекеттік басқару органы жүзеге асырады.

50. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

51. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Құрылтайшының актілерімен енгізіледі.

Активтер		Сонығы (мың.теңге)
I Қысқа мерзімді активтер		
Ағымдағы қаражаттар	010	
Қысқа мерзімді қарыздық өлестіріледі	011	
Қысқа мерзімді	012	
Қорлар	013	218 000

Аманжол Аманжол

Атырау облысы әкімдігінің
2018 жылғы «24» ақпанда
№ 34 қаулысына
2-қосымша

Атырау облысы әкімдігінің
2018 жылғы «__» _____
№ _____ қаулысымен
бекітілген

Табыстау актісі

1. Осы актімен Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268 Азаматтық кодексінің 46, 47-баптарына сәйкес Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнынан құқықтық мирасқорлық бойынша барлық құқықтары мен міндеттемелерінің Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына берілуін растаймыз.

2. Құқықтары мен міндеттері:

Қайта құрылған Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны барлық мүлкі, барлық құқықтары мен міндеттері және қайта құрылған заңды тұлғаның барлық несие берушілері мен борышқорларына қатысты, соның ішінде тараптар дауласқан барлық міндеттемелері бойынша Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының құқықтық мирасқоры болып табылады.

Қайта ұйымдастырылған Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына 2018 жылдың 1 ақпандағы келесі активтер мен пассивтер тапсырылады:

Активтер		Сомасы (мың.теңге)
I. Қысқа мерзімді активтер		
Ақшалай қаражаттар	010	
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	011	
Қысқа мерзімді	012	
Қорлар	013	23858,5

Ағымдағы салық активтері	014	
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	015	
Басқа да қысқа мерзімді активтері	016	
Қысқа мерзімді активтер жиынтығы	100	23858,5
II. Ұзақ мерзімді активтер		
Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары	020	
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	021	
Үлестік қатысу тәсілімен ескерілетін инвестициялар	022	
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	023	
Негізгі қаражаттар	024	819791,0
Биологиялық активтер	025	
Барлау және бағалау активтері	026	
Материалдық емес активтер	027	
Кейінге қалдырылған салық активтері	028	
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	029	
Ұзақ мерзімді активтер жиынтығы	200	819791,0
Теңгерім (жол.100+ жол.200)		843649,5
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер		
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	030	23858,5
Салықтар бойынша міндеттемелер	031	
Басқа да міндетті және еркін төлемдер бойынша міндеттемелер	032	
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	033	
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	034	
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	035	
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиынтығы	300	23858,5
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер		
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	040	
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешектер	041	
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	042	
Кейінге қалдырылған салықтық активтері	043	
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	044	
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиынтығы	400	
V. Капитал		
Жарғылық капитал	050	608091,3
Төленбеген капитал	051	
Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	052	
Эмиссиялық табыс	053	
Резервтер	054	211699,7
Бөлінбеген пайда (өтелмеген шығын)	055	
Пайда жиынтығы (шығын жиынтығы)	056	
Капитал жиынтығы	500	819791,0
Теңгерім (жол.100+ жол.200)		843649,5

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны тенгерімінен Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны теңгеріміне берілетін жабдықтар тізімі (2018 жылдың 1 ақпанына)

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	
Активтер	
Ғимараттар	608091,3
Машиналар мен жабдықтар	143710,5
Көлік құралдары	8014,6
Өндірістік жабдықтар	59974,6
Барлық активтер	819791,0
Материалдар мен өнімдер (теңге)	
Дәрі-дәрмектер және таңу материалдары	20412,9
Шаруашылық тауарлары	481,7
Отын, жанар-жағармай (ЖЖМ)	30,9
Басқа да материалдар	2933,0
Барлық материалдар мен өнімдер	23858,5

Тапсырды:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Директордың м.а.
Бас есепші



Акбанова Л.З.
Хайруллина Н.Т.

Қабылдады:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Директордың м.а.
Бас есепші

Акбанова Л.З.
Хайруллина Н.Т.

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
НӨМІРЛЕНГЕН, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ АӨР БАСЫЛҒАН
БАРЛЫҒЫ 14 ПАРАҚ
2016.23 05



Түгілен және нөмірленген
Барлығы 14 бет
Директор м.а. Д.З. Акбанова



Ақбанова Д.З.
Хайруллина Н.Т.

Ақбанова Д.З.
Хайруллина Н.Т.